
ТАРИХ ЖЭНЕ ЭТНОГРАФИЯ

3.3.ЖАНДАРБЕК

ТҮРІКТЕРДІҢ АТА ЖҮРТЫ

В этой статье рассмотрен вопрос о прародине тюрков: откуда они вышли на историческую арену, какое отношение имеет к тюркам древней земли Канха и роль Огуз кагана в истории тюрков.

Bu makalede, Türklerin Ata yurdunun neresi olduğu, tanrı sahnesinde neerde oltuğu, eski Kanha bölgesinin Türklerle olan ilişkisi ve Türk tarihindeki Oğuz Kağan'ın rolü ele alınıt.

Бүгінгі күні тарих ғылымы алдында түрік халықтарының шыққан тегі мен Ата жұртының қайда екендігін анықташ алу қажеттігі туыш отыр. Өйткені, евроцентристік бағыттағы зерттеушілердің дені қазіргі Қазақстан территориясы – қазақ халқының Ата жұрты емес деген шілді алға тартып, оны ғылыми тұрғыдан негіздел қойғалы да қаншама уақыттың жүзі болды. Мысалы, тарихшы-этнограф, марқұм Н.Масанов былай деп тұжырымдайды: «Сторонники миграционной теории считают, что предки казахов были недавними мигрантами и довольно поздно пришли на территорию Казахстана, а сам казахский народ не имеет никакого отношения к древним насељникам региона и не ведет свое происхождение от индо-иранского субстрата. Этую точку зрения так или иначе вот уже на протяжении более 200 лет поддерживает большинство исследователей» [1,58]. Ал, орыс антропологы В.П.Алексеев болса, «андронов мәдениеті» өкілдерінің индоевропалықтар болғанын алға тартады [2,14]. Бұл ғылыми тұжырымдар, сонда түріктердің Ата жұрты қайда? деген заңды сұрақты туындалады. Жауап бұл сұрақтарға да дайын. Түріктер Шығыстан, Сібір ормандары мен Монғол үстіргінен, Алтай тауларынан келді деген тағы да «ғылыми тұжырымды» ұсынады. Оған дәлел де жоқ емес. Монғол үстірті мен Сібірден табылып жатқан көне түрік сына жазулары бұл тұжырымның да ғылыми негізі барлығын мойындауға мәжбүр етеді. Мысалы, зороастризм дінінің қасиетті кітабы «Авестадағы» деректерге сүйеніп, қазақ жері арийлердің жері болды деген шілді алға тартылыш жүр. «Авестадағы» Ранха өзенін – Еділ өзенімен, Ардви өзенін Амудария өзенімен, ал, Ариянам Вайджа өзенін Сырдариямен өзенімен шендестьіреді [2,24]. Ал Қарататудағы «Арпаөзен» шатқалындағы, Аңрақай тауындағы «Таңбалы тасқа» салынған суреттер осы «Авеста» кітабында баяндалған оқиғаларды бейнелейді деген тұжырым жасалған [2, 27-29]. Бұл ғылыми тұжырымдарға қарсы ғылыми тұрғыдан жауап беру мүмкін бе?- деген сұрақ туындары анық. Бұл сұрақтарға жауап бар және ол жауапты, басқа емес, осы «Авеста» кітабындағы деректерге сүйене отырып, беруге болады.

Көне дәуір ескерткіші, зоостратизм дінінің негізгі кітабы болыш табылатын «Авестада» Сырдария өзенінің көне аты «Канха» деген аталады. [3,36;201] Осы Канха өзені жағасындағы халықты ирандықтар «кангар»,

қытайлар «кангюй» деп атады. Бұл халықты осы күнге дейін тарихта ирантілдес болды деген шікір қалыштасқан және ол шікір әлі өзгере қойған жоқ. Алайда, канха немесе қаңлы атауы ирантілдес халықтар құрамында кездеспейді және Канханы Иранның шығысындағы ел деп атайды. Демек, кангардың да, кангюйдің де ирандықтарға ешқандай қатысы жоқ. Ал түркілердің өзі Сыр бойын мекендеген халықты «қаңлы» деп атағаны бұрыннан белгілі және осы қаңлы атауы бар қашшама ру, тайшаларды түркі халықтары құрамынан кездестіре аламыз. Олай болса, қазақ және өзге де түркі халықтары атаулары құрамында «қанх» компоненті бар ру, тайшалардың шығу тегін осы «Канхамен» байланыстырығанымыз дұрыс. Мысалы, қаңлы, қоңырат, кенгерес, кенегес т.б. атаулардың түп негізі Сырдарияның көне атауымен байланысты екендігі күмән тудырмайды. Алайда, бұл шікірдің қазіргі отандық тарих ғылымында қалыштасқан «Түркілер Сібір ормандары мен Монгол үстіргінен, Алтайдан келді» деген қалыштасқан шікірге қайшы екендігін де білеміз. Соған қарамастан түркі халықтарының шыққан тегі мен жеріне қатысты жаңа тұжырымынды ұсыныш отырмыз. Бұл бір жағынан түркі халықтарының негізгі шыққан жерінің қайда екендігін, қазақ ешқашанда қазіргі өзінің тұрган жеріне сырттан көшіп келмегендігін білдірсе, екінші жағынан өзінің түп тарихын қайта қарастыруға мүмкіндік алады. Ол үшін көне тарихи дерек көздерін қайтадан сараштаудан өткізу қажеттігі туындейды. Енді сол дерек көздеріне кезек беріш, түркінің шыққан тегіне қайта талдау жасап көрелік.

Рапид ад-дин «Жылнамасында» Нух пайғамбардың солтүстіктен оңтүстікке қарай үшке бөліш, оның бір бөлігін ұлken ұлы Хамфа бергенін, Хамнан қара нәсілді халықтар тарағанын; екінші бөлігін Самфа бергенін, одан араб, шарсы мен жалпы индоевропалықтар тарағанын; үшінші бөлігін Яфетке (Яфес) бергенін, Яфеттен түркілер мен монголдар және т.б. халықтар тарағанын жазады [4,80]. Эбілгазының «Түрік шежіресінде» де осы азыз қайталанады [5]. Осы Нух пайғамбардың ұлы Яфестің баласын не немересін түріктер Булджа (Абулджа) хан деп атайды.

Рапид ад-дин «Жылнамасында» Абулджа ханның тұрган жері туралы мынадай деректер көлтіріледі: Абулджа ханның жайлауы Ортау мен Қазтауда болды және осы маңайда Инандж атты қала бар еді. Ал қыстауы Бурсун, Какян, Қарақорым атты жерлерде. Осы жерлерге жақын Талас, Қары-Сайрам атты қалалар болды. Қары-Сайрам қаласы көне, әрі ұлken. Ол қаланы көргендер бір шетінен екіші шетінен жету үшін бір күн жол жүру керектігін жазады [4,80]. Орыс зерттеушісі Н.Березин Рапид ад-дин көлтірген осы деректі талдай келе, Қазтау Сырдария өзенін жағалай созылып жатқан Қаратая, Ортау Талас Алатауы деп есептейді[4,80]. Бұған қоса қалалар атауынан да бұл жерлердің түркілерге тән екенін байқауға болады. Жалпы бұл деректер түркілердің шыққан жері осы Сыр бойы, Қаратая мен Алатау болғандығын көрсетеді. Ал Қары-Сайрам қаласы туралы дерек те түріктің түп қазығы осы Сыр бойы болғандығын нақтылай түседі. Қары Сайрам

Жандарбек 3.3. Түріктердің ата жұрты.

аталған қала түрік дүниесінің рухани тірегі болған Түркістан емес де деген заңды сұрақ туындалады. Өйткені, Оғыз қаған аңызының түріктер арасына тараған нұсқасында Оғыз қағанның астанасы «қырық қақшалы Қарашық» атты қала екендігі айтылады. Түркістанның «Қырық қақшалы Қарашық» деп аталуы көнеден келе жатқан атау екендігін тарихи деректер де айғақтайды. Мысалы, Молла Мұхамметсадық Сарабекұлының «Түркістандағы тарихи зиарат» атты еңбегінде Қожа Ахмет Йасаудің «қырық қақшалы Қарашыққа» келгендігі жазылады [6]. Ал, Махмуд Қашғар «Қарашуқ Фарабтың басқа аты» дейді [7, 50]. Ортағасырлық араб деректерінде бұл қала «Шавгар» деген атпен белгілі. М.Қашғардың сөздігіндегі топонимикалық деректермен шұғылданушы мамандар «Қарашуқ» сөзінің «Қаратай» деген мағына беретінін айтады [8, 109]. Ал, «Шавгар» сөзін қазіргі қазақ тіліне аударар болсақ, ол да «Қаратай» болыш аударылады [9, 131]. Олай болса, Рашид аддин «Жылнамасындағы» Қары Сайрам көне Түркістан болыш шығады.

Қытай деректерінде «Кангюйдің бес кіші хандығы» туралы дерек бар. Бұл деректер біз жоғарыда ұсынған тұжырымының дұрыстығын нақтылай түседі. Осы бес кіші хандықтың бірі – Сүсе деген аталады. Сүсе Сырдария өзеніне Арыс өзенінің құяр сағасынан Жаңақорған жеріне дейінгі аралықты қамтиды [10, 216], Қытай деректерінде осы иеліктегі Шы қаласы туралы мынадай мәліметтер бар: «Шы, келесі Кюші (Гейшуана) Дұмо өзенінің оңтүстігінде жатыр. Кіші Кангюйге қарасты көне Сухо қаласының жері ... Онда Темір қақпа деген аталатын тау бар. Бұл жер екі хандықтың түйіскен жері. Қала алтын құлышпен жабулы. [Қалада] гибадатхана бар. Онда әрбір құрбандық шалған сайын 1000 (мың) қой сояды. Жорыққа шығар алдында [халқы] осында келіш тізе бүгеді. Хандықта бес жұз қала бар» [11, 274-275]. XX ғасыр басында осы Кангюй мәселесімен айналысқан орыс зерттеушісі Г.Бронников Шы қаласы мен Сүсе хандығының бір екендігін жазған болатын. Ол: «Төмендегі Тхань жазбасы Сүсе иелігінің жағдайын анықтауға мүмкіндік береді. Сүсе Ұлы Хань әулеті билеген дәуірде кангюйге бағынған болатын... Бұл иелік Тхань династиясы кезінде Сухо, одан кейін Шы деген аталды» - дейді де, ондағы гибадатхананың бар екендігін, оған Кангюй халқының келіп Құдайға құлшылық ететінін жазады [12, 1-2].

Егерде біз А.Н.Бернштамның Кангюйдің бес кіші хандығының орналасуы туралы шілдесін дұрыс деген қабылдар болсақ, онда Сүсе иелігі Түркістан аймағына сай келеді. Ал Түркістан аймағында Шы қаласына Түркістаннан өзге сай келетін қала жоқ. Өйткені, оның мынадай екі себебі бар. Біріншісі, «Шы» сөзінің қазақша аудармасы – «тас». Түркістанның көне атауы Қарашуқ – Қаратай екенін біз жоғарыда айтты өттік. «Тас» пен «Тау» арасындағы мағыналық байланыс барлығын ескерөр болсақ, онда қытай деректеріндегі Шы қаласының көне қырық қақшалы Қарашуқ қаласы екендігіне күмән қалмайды.

Екіншіден, Шы қаласында гибадатхананың болуы, оған Кангюй халқының әрбір құрбандық шалған сайын мың қой соыйын, құрбандық шалуы,

әскері жорыққа шығар алдында мұнда келіп, тізе бүгүі, көне тарихта жазылып қалған болса, онда Түркістанның екінші Мекке атануы Қожа Ахмет Йасауи атымен ғана байланысты еместігін, бұл жердің көне дәуірден киелі мекен болғандығын білдіреді. Қожа Ахмет Йасаудің өзі бұл жердің киелі мекен екендігін сезген сияқты. Әйтпесе, сол дәуірдегі ірі саяси және экономикалық оргалықтар болған Отырар, Сайрам, Тараз сияқты қалаларға тоқтамай көне Қарашук қаласына келуі көп нәрсені аңғартады.

Сонымен бірге орыс зерттеушісі Б.И. Вайнберг «Авестадағы» көне Тұран жеріндегі барлық географиялық жер-су атауларына талдау жасай келе Канхага қатысты мынадай ой айтады: «Не совсем понятен эпитет Канхи «пресвятая», так как и «праведным» зорострийским областям Канха и земли туранцев в целом не относились. Может быть здесь сохранился какой-то отголосок представлений о Канхе как религиозный центр туранцев, связанным именно с культом Ардвисуры» [13, 204].

Ал, археолог Е.Смагулов Шавгар атауының соғды тіліндегі формасында жеткенің, соғды тілінде де «Sawgar» - «Қаратай» аталғанын және көне Канг сақтарының /турлардың/ киелі оргалығымен байланысты айтылғанын жазады [9, 131]. Демек, бұл деректердің барлығы киеллік сипат Түркістан жерінің көнеден келе жатқан айрықша белгісі екендігін көрсетеді.

Бұл деректерге мән беріп, арнайы тоқталыш, талдау жасаудағы мақсат - Сыр бойының түркі халықтарының тарихи тағдырындағы орнын анықтау болатын. Жоғарыда келтірілген деректердің барлығы Сыр бойының түркі халықтарының Ата жұртты, киелі мекені екендігінен хабар береді. Түркілер осы жерде дүниеге келіп, осы жерден өлемге тарады. «Оғыз қаған» дастанында баяндалатын оқигалар желісі де бұл тұжырымның тарихи негізі барлығын көрсетеді. Ендігі кезекті Оғыз қаған туралы деректерді талдаудан басталық.

Рапид ад-дин «Жылнамасында» Оғыз қаған туралы мынадай деректер бар: «Абулджа ханның Диб-Бакуй деген ұлы болды. Ол өз әкесінен күшімен де, құдіретімен де, билігімен де жоғары дөрежеге қол жеткізді. Оның торт ұлы болды: Қара хан, Ор хан, Көз хан, Гур хан. Бұл халықтың барлығы дінсіз болатын. Қара хан әкесінің тағына ие болды... Оның бір ұлы дүниеге келді. Ол үш күнге дейін анасының емшегін ембеді. Осы себептен анасы жылаш, ғибадат жасады. Анасының түсіне ұлы келіп, «Егер сен бір шын жаратушыға мойынұсынатын болсаң, мен сенің сүтінді емемін» - деп аян береді. Анасы Қараханнан да, халықтан да жасырыш, бір жаратушыға мойынұсынады... Осылай Оғыздың дүниеге келумен шынайы хақ дін де дүниеге келеді.

Оғыз ержеткен соң Қара хан інсі Көз ханның қызын айттырыш, құда түседі. Оғыз қызға бір жаратушыға мойынұсынасын деп шарт қойды. Қыз қабыл етпеді. Бірақ үйленді. Баласының әйелін ұнатшайтынын көрген Қара хан Гур ханның қызын айттырыш, алыш берді. Оғыз ол қызға да осындаш шарт қойды. Ол да қабыл етпеді. Ұлының бұған да көнді толмағанын көрген Қара хан енді Ор ханның қызын айттырды. Оғыз хан ол қызбен үйленбей

Жандарбек 3.3. Түріктердің ата жұрты.

тұрып, кездесіп, мән-жайды түсіндіреді. Қыз Оғыздың талаптарын толық қабыл етіп, мойынұсынады. Оғыз бұл әйеліне зор ілгипат көрсетіп, құрметтейді. Бірде Оғыз серіктерімен аңға шығып кеткенде, Қара хан үйінде сауық кепін өткізіш, оған келіндерін де шакырады. Сөйтіш, келіндерінен жағдайларын сұрап, үлкен келіндеріне «Сен екеуің кіші келінге қарағанда сұлусындар. Бірақ сөндерге ұлымның ешқандай ілгипаты жоқ. Оның есесіне кіші келін реңсіз болса да, оны өзіне жақын тартады, құрметтейді. Мұның себебі неде? – деген сұрақ қояды. Соңда келіндері өздеріне Оғыздың койған талабың, өздерің ол талапты қабыл етпегенін, кіші келіннің Оғызбен бір екенін айтады. Мұны есіткен Қара хан ағайын-туыстарын шақырып, кеңес құрады. Оғыздың өзге дінді қабылдағаның, оны бүтін тоқтатшаса, ертең елді бүлдіреді, сол үшін оны оны өлтіру керек деген шешімін айтады. Бұл хабарды есіткен кіші әйелі Оғызға астыртын кісі жіберіш, әкесінің шешімін хабарлайды. Оғыз қасындағы серіктерімен соғысқа дайындалады. Бұл соғыс жетпіс үш жылға созылып, соңында Оғыз хан жеңіп шығады» [4,81-82]. Бұл жерде түсініксіз бір мәселе бар. Қарахан Абулджа ханның тікелей немересі ме, әлде одан көп кейінгі ұршактарының бірі ме деген сұрақ. Шындығында Қара хан Абулджа ханның тікелей ұршагы емес екен. Ол туралы Оғыз қаған туралы басқа ақыздарда Абулджа ханнан Оғыз қағанға дейін қашшама ұршак өткендігін көруге болады. Мысалы, «Оғыз қаған» ақызының Марданбайұлы Есқали Қоңырати нұсқасында Оғыздың әкесі Қарахан Яфестің тоғызынның ұршагы. Бұл хандардың барлығы мәжусилік дінін ұстанғаны туралы айтылады [14, 276]. Бұл Оғыз қағаннан Яфестен тараған халықтарды бір Тәңірге мойынұсынуға шақырып, халықты илөһі дінге бет бүрғызған киелі тұлға болғандығынан хабар береді. Басқаша айтқанда, Оғыз қағанды Түркі даласынан шыққан пайғамбар деп тануға болады. Рашид ад-дин Шығыс ханның да осы Оғыз қағаннан келе жатқан Тәңір дініне мойынұсынғанын жазады [4,83]. Олай болса, бұл түркілердің ұзақ ғасырлар бойына Оғыздан қалған Тәңір дініне мойынұсының, сол дінде болғандығын көрсетеді.

Сонымен бірге, Оғыз қаған – алғаш рулық, тайшалық жүйелерді тоptастырып, мемлекетті басқарудың түркілік жүйесін алғаш қалыптастырған тұлға. Бұл Оғыз қағанның түркі тарихындағы орны қашшалықты маңызды болғандығын көрсетеді.

Қазір біз Оғыз қағанның өмір сүрген кезеңін дөл айта алмаймыз. Алайда, түркі тарихындағы тұлғалардың өмір сүрген дәуірлеріне қараң, Оғыз қағанның өмір сүрген кезеңін шамалаш анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, Алшамыс батырдың тарихта өмір сүрген кезеңі біздің дәуірімізге дейінгі XIII ғасыр деген болжам бар. Ал, ирандықтар Афрасияб атап кеткен Алып Ертонға б.д. VIII-VIII ғғ. өмір сүрген. Олай болса, Оғыз қағанның өмір сүрген кезеңі біздің дәуірімізге дейінгі XV ғасыр шамасы болуы мүмкін. Бірақ қазір тарихшылар айтып жүргендей Мөде қағанның Оғыз қаған еместігі айқын.

Оғыз қаған туралы аңыздарға арнайы тоқталыш, талдаудағы мақсатымыз – түркі халықтарының Батысқа да, Шығысқа да таралуы Оғыз қағаннан бастау алатынын және олардың негізгі таралған орталығы Сыр бойы болғандығын көрсету. Бұл аңыздар астарында тарихи шындық жатқандығын қазіргі бізге дейін жеткен түркі халықтары құрамындағы ру, тайшалардың алғашқы тоңтасу кезеңі осы Оғыз қаған атымен байланысты болғандығынан көреміз. Оның үстіне Оғыз қағанның үш ұлының шығысқа кетуі, үш ұлының батысқа кетуі де құр аңыз емес, негізі бар оқиға. Оғыз қаған ұлдары өздері гана кептей, өздерімен бірге Сырдың көне атын өздерімен бірге ала кетті. Оны біздің дәуірімізге дейін жеткен «Канх» атауының түркілер тараған ұлан-ғайыр аймақтан кездесуі, бұл халықтардың түп қазығының қайда екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, қаңды, қоңырат, кенгерес, кенегес, Алтын қаңды, Қаңды елі, Қанға баба, Канг-дез сияқты ру, тайша аттары мен жер атаулары Хинган тауларынан Қара теңіздің солтүстік жағалауларына дейінгі аралықты толық алыш жатыр. Бұл атаулардың барлығының «канг» деген бір түбірге байланысты екендігін көре аламыз. Бұл олардың бір кездері бір негізден тарағанын көрсетеді. Бұл атаулардың ішіндегі қаңды, қоңырат, кенгерес, кенегес сияқты атаулар ру, тайшаларға тиесілі. Қаңдылар қазақ, өзбек, қарақалшак, ногай, башқұрт халықтары құрамында бар. Қоңырттар қазақ, өзбек, ногай, қарақалшак т.б. халықтар құрамында бар. Ал кенгерес – яқұт халқы құрамындағы тайпаның аты. Кенегес өзбек, қарақалшак т.б. түркілер арасында кездеседі. Бұл халықтардың таралу географиясына назар салар болсақ, онда бұл ру, тайшалардың қаншалықты ұлken территорияны алыш жатқанын және олардың барлығы бір негізден өрбігенін көреміз.

«Алтын қаңды», «Қаңды елі», Қанға баба, Қандөз деген атауларды алар болсақ, бұлардың барлығы жер атауларына қатысты екендігін байқаймыз. «Алтын қаңды» Қытайдың солтүстігіндегі Манжурия аймағындағы Хинган тауындағы асуудың аты. «Қаңды елі» деген жазу – Манғыстау жеріндегі «Ерсарының қайрағы» атты тасбағанда көне түркі әлшебімен жазылған жазу. «Қанға баба» - Манғыстауда, Каспий теңізі жағасындағы әулиелі жер аты. «Қандөз» – Сыр бойындағы жер атауы. Бұл Қандөз атауы Авестадағы Сияуш салдырыған «Канг-дез» қаласымен байланысты екендігіне күмән жоқ. Бұл атаулар арасындағы да ортақ негіз «канх» деген түбір екендігін көреміз. Олай болса, түркі халықтарының түп негізі Сыр бойы деген тұжырымның дұрыс екендігін көрсетеді. Және осы тарихи ұдерістер басында Оғыз қаған түргандығына да күмән тумаса керек.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. История Казахстана: Народы и культуры. Учебное пособие / Масанов Н. и др. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Летопись трехтысячалетия. –Алма-Ата: «Рауан», 1992.
3. Авеста. Избарнны Видевата. –Москва: «Дружба народов», 1993.

Жандарбек 3.3. Түріктердің ата жұрты.

4. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.1. кн.1. –Москва-Ленинград: Изд. АН СССР, 1952.
5. Әбілғазы. Түрік шежресі. Алматы:
6. Молла Мұхаммед Садық Сапабекұлы. Түркістандағы тарихи зиарат// Ясауи тағымы. –Түркістан: «Мұра», 1996.
7. Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. 1. –Москва: Наука, 1973.
8. Чороев Т.К. Топономические данные М. Кашгари. //
9. Смагулов Е., Тұяқбаев М. Түркістанның ортағасырылық тарихы. –Түркістан: «Мирас», 1998.
10. Бернштам А.Н. История Памира-Алая. –Москва: 1952.
11. Бичурин И.А. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.П. –Москва-Ленинград: Изд. АН СССР, 1953.
12. Бронников Г. Кангюй, Канглы или Кан, юечжи. –Москва: 1914.
13. Вайнберг Б.И. Этнография Турана в древности VIII в. д.н.э. – VIII в. н.э. –Москва: Вост.лит., РАН, 1999.
14. Коңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және Түркология. –Алматы: «Ғылым», 1987.

REZUME

**Z.Z. ZHANDARBEK (Turkistan)
PRIMOGENITORS OF TURKI**

This article deals with the primogenitors of Turki: how they appeared in the history, what connected them with the Turki of ancient land Kankha and the importance of Oguz kagan in the Turkic history.